

SVEN®
YOU WANT – WE CAN

Мультимедиялық акустикалық
жүйе 2.1 Bluetooth-бен

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



MS – 350BL

www.sven.fi

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

MS – 350BL

TM SVEN акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін ризамыз!

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалар олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкес-сіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер, осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген зақым үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

МАЗМҰНЫ

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС	1
2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ	2
3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	2
4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ	2
5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	4
6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ	6
7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	7

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймау үшін тексеріңіз. Құрылғыға зақым келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға зақым келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды температурасы төмен қоршаған ортадан кіргізгеннен кейін бірден қоспаңыз! Орауыштан алынған бұйымды бөлме температурасында 4 сағаттан кем емес уақыттай ұстау қажет.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

**Техникалық қолдау www.sven.fi сайтында орналасқан.
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

- Сабвуфер – 1 дана
- Сателлиттер – 2 дана
- Дистанциялық басқару пульты (ДБП) – 1 дана
- CR2025 типті қуат көзінің элементі (ДБП-на орнатылған) – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Назар аударыңыз! Корпустың ішінде оқшаулауы жоқ элементтерінде, электр тоғы соғатындай кернеуі жоғары.

- Электр тоғына ұшырамау үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өз бетіңізбен жөндемеңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті сервис орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыру керек. Уәкілетті сервис орталықтардың тізімін www.sven.fi сайтынан қараңыз.
- АЖ-нің колонкалардың арасында, дыбыс зорайтқыштың корпусына және жерге сымдардың тұйықталуына жол бермеңіз (соның ішінде «жерлендірілген»), себебі дыбыс зорайтқыштың шығу каскадтары бұзылады.
- Желілік розеткадан штепсельдің айырын суырғаннан бастап 2 секундтай аппаратураның желілік айырының істіктерін ұстауға болмайды.
- Сақтандырғышты ауыстырған кезде АЖ желіден ажыратыңыз. Сол түрдегі және номиналдағы сақтандырғыштарды қолданыңыз. Қолдан жасалған сақтандырғыштарын қолданбаңыз.
- АЖ-нің тесіктеріне басқа заттардың түсіп кетпеуінен сақтаңыз.
- АЖ-ні жоғары ылғалдан, су және шаң тигеннен сақтаңыз.
- АЖ-ні қызып кетуден сақтаңыз: қыздырғыш аспаптарға 1 м-ден жақын орнатпаңыз. Тіке күн сәулесінен аулақ ұстаңыз.
- АЖ-нде, сонымен қатар жүйенің жанына ашық жалынның ешқандай аспаптарын орнатпаңыз.
- АЖ-ні дұрыс желденбейтін жерде орнатпаңыз. Ең кішкентай ауа саңылауы – 10 см. АЖ-ні қолданған кезде оны қандай да бір құрылғыларға орнатпаңыз, суытуды қиындататын майлық немесе басқа да ұқсас нәрселермен жаппаңыз.
- АЖ-ні тазарту үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ

MS-350BL мультимедиялық акустикалық жүйесі (АЖ) 2.1 Bluetooth-бен әуенді шығаруға және ойындарды, фильмдерді және т.б. дыбыстандыруға арналған. АЖ кіріктірме қуат күшейткішімен, сигналдық және акустикалық кабельдермен жабдықталған, сол себепті кез келген дыбыс сигналдың көздеріне қосымша қуат күшейткішінсіз қосуға болады (CD/MP3-ойнатқыштарына, ДК және т.б.). АЖ-ң кіріктірмелі Bluetooth-модулі бар. Жинақта ДБ пульты бар.

АЖ өрекшелігі

- Акустикалық жүйе PC, DVD/Media-ойнатқыштармен, ұялы телефондармен және басқа да дыбыс құрылғыларымен үйлесімді
- Кіріктірмелі Bluetooth-модуль
- Сандық LED-дисплей
- Құлаққап пен микрофонды қосуға арналған ажыратулар


Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

MS-350BL

- Дистанциялық басқару пульты
- Магниттік экрандау
- Сабвуфер корпусының материалы – ағаш (MDF)







Сабвуфер құрылымын сипаттау


- ① Сандық LED-дисплей
- ② VOLUME+/-: құрылғының қосылуы (ST-BY режимінде қысқа уақыттай басқанда); дыбыс қаттылығының деңгейін азайту/ұлғайту (жұмыс режимінде қысқа уақыттай басқанда); AUX/BT сигнал көзін ауыстырып қосу (жұмыс режимінде екі түймені бір мезгілде басқанда)
- ③ ON/OFF: қуат көзінің ажыратқышы
- ④ Қуат көзінің сымы
- ⑤ OUTPUT: сателлиттерді қосуға арналған ажырату
- ⑥ : микрофонды қосуға арналған ажырату (ДК қосылуы қажет)
- ⑦ : құлаққапты қосуға арналған ажырату (AUX ғана жұмыс жасайды)
- ⑧ Сигнал көзіне/микрофон кірісіне қосуға арналған кабель (мысалы, ДК)



1-сурет. Сабвуфердің басқару панелі

Дистанциялық басқару пульты (3-сурет)

- ① : АЖ-ні қосу/ажырату түймесі
- ② : Bluetooth режимін қосу түймесі
- ③ VOL+/-: дыбыс қаттылығы деңгейінің реттеуіші
- ④ AUX: AUX стерео кірісті таңдау
- ⑤ : дыбыс қаттылығын қосу/өшіру
- ⑥ : ойнап кеткен трек (Bluetooth режимінде)
- ⑦ : келесі (Bluetooth режимінде)
- ⑧ : қосу/кідіру (Bluetooth режимінде)
- ⑨ TRE+/-: ЖЖ тембр деңгейінің реттеуіші
- ⑩ BASS+/-: ТЖ тембр деңгейінің реттеуіші



2-сурет. Сабвуфердің артқы панелі

Ескертпелер:

- Пайдаланудың алдында ДБП-нен батареяканы шығарып, тасымалдау кезінде зарядқасы отырмау үшін батареяка оралған пленка-төсеуішті шешіңіз, кейін батареяканы ДБ пультына қайтадан салыңыз.
- ДБП 30° аспаған бұрышынан 7-метрлік қашықтығында қолданыңыз.

- ДБП сабвуфердегі ИК-қабылдағыштың терезесіне қарай қойыңыз.
- Егер ДБП жасамаса, батареялардың бар-жоғын тексеріңіз немесе жаңасына ауыстырыңыз.
- Пультпен ұзаққа дейін (аптадан көп) қолданбайтын болсаңыз, батареяларды пульттан алып тастаңыз.

5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ


АЖ орналасуы

- Колонкаларды тыңдаушыға қарай симметриялық түрде бір метр қашықтықта орнатыңыз. Сабвуфер бағытталмаған дыбыс шығарады, сондықтан сабвуфердің дыбысы ең жақсы шығатын бөлменің кез келген жерінде орнатуға болады.
- Аса сезгіш мониторлар мен теледидарлар сәл ғана қате көрсетуі мүмкін, сондықтан АЖ-ні осы аспаптардан басынша алысырақ орнатыңыз.

АЖ қосылуы

MS-350BL акустикалық жүйесі аудиосигналдың кез келген қуат көздеріне қосылуы мүмкін: DVD/CD-плеерлерге, ДК, ноутбук және т.б. (төменде 4-суреттегі схемасын қараңыз).


- Қосар алдында АЖ-ң желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Кейін кіріктірмелі акустикалық кабель арқылы сабвуфердің ⑤ ажыратуын OUTPUT сателлиттерға жалғаңыз (4-сур. қосылу схемасын қараңыз).
- АЖ-ні ДК, MP3/CD-плеерлерге қосу үшін сабвуферге кіріктірілген сигналдық кабельді ④ пайдаланыңыз. Ол үшін 4-сур. көрсетілгендей, сигналдық кабельдің (жасыл) мини-джегін ДК дыбыс картасының немесе MP3/CD-плеердің желілік шығысына, микрофон кабелінің (қызғылт) мини-джегін дыбыс картаның микрофон шығысына тығыңыз.
- Сабвуферді желіге қуат көзінің сымы ④ арқылы қосыңыз.
- Сабвуфердің қуат көзін сабвуфердің артқы жағындағы ажыратқышымен ON/OFF ③ (ON түрде) қосыңыз.
- Құрылғыны алдыңғы панельдегі түймемен VOLUME+ ② немесе ДБП-гі түймемен ① қосыңыз.
- Сабвуфердің алдыңғы панеліндегі «-», «+» ② түймелерін біз мезгілде басып, сигналдың қалаған көзін таңдаңыз, сонымен қатар ДБП-гі ②, ④ түймелерімен қолдануға болады. Сонымен, ақпараттық LED-дисплейде сигналдың ① таңдалған көзі көрінеді (BL/AU).
- Басқару панельдегі VOLUME +/- ② түймелерімен дыбыс қаттылығының қалаған деңгейін таңдаңыз немесе ДБП-гі VOL+/- ③ түймелерін қолданыңыз.
- ДБП-гі TRE+/- ⑨ және BASS+/- ⑩ түймелер арқылы жүйенің ЖЖ/ТЖ тембрінің қалаған деңгейін таңдаңыз.
- Әуенді құлаққап ⑦ арқылы тыңдағыңыз келсе, оны сабвуфердің артқы панеліндегі ажыратуына қосуыңызға болады (тек AUX режимінде ғана).




3-сурет. ДБ пульты

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

MS-350BL



4-сурет. Қосылу схемасы



5-сурет. Bluetooth-модулін қосу схемасы

- Микрофонды сабвуфердің артқы панеліндегі ажыратуына ⑧ қосыңыз.
- АЖ-ні қолданып болған соң құрылғыны ажыратқышпен ON/ OFF ③ (OFF түрде) өшіруге, сонымен қатар розеткадан қуат көзінің сымын ④ суыруды ұмытпаңыз.

АЖ жұмыс режимдері

BLUETOOTH* режимі

- Осы режимде сигнал беру үшін алдын ала құрылғының қуат көзімен байланысын тексеру қажет (5-сур. қараңыз). Ол үшін басқару пульт арқылы немесе сабвуфердің алдыңғы панеліндегі VOLUME+/- ② түймелерімен Bluetooth режимін таңдаңыз. 2-3 сек. кейін АЖ-сі іздеу режиміне ауысады, дисплейде ① қызыл және көк жарықдиодтар жыпылықтай бастайды.
- Сигнал көзінде (телефон, ноутбук, смартфон және б.) Bluetooth құрылғысын іздеу режимін таңдау қажет. Экранда «SVEN» атауы көрінеді, солмен байланыс болуы керек.
- Дұрыс қосылғанда іздеу режимінің индикациясы АЖ-де тоқтайды. 2 мин ішінде қосылмаса, АЖ кезекті режимге көшеді (көк индикатор – 2 жарқыл, үзіліс). Жүйені қайтадан іздеу режиміне ауыстыру қажет (ажыратып қосу)**.
- Bluetooth арқылы қосылған құрылғымен деректермен алмасу кезінде дисплейде ① қысқа уақытқа көк индикатор жанады.
- Сигнал көзімен қосылған кезінде ДБП-тің ⑥, ⑦, ⑧ түймелерін пайдаланып сигнал қкзінің ойнатқышымен басқаруға болады.

* Bluetooth арқылы бірнеше құрылғының модельдерімен қосылу үшін, бәлкім, «0000» кодын енгізу керек болатын шығар.

** Егер құрылғы қуат көзі құрылғының тізімінде бар болса, іздеу режимін қайталамауға болады. Тек құрылғының аты мен қуат көзінде «қосылу» командасын ғана таңдаңыз.

AUX режимі

- AUX режиміне көшу үшін АЖ қосулы болған кезде ДБП-гі AUX ④ түймесін немесе алдыңғы панельдегі «-» және «+» ② түймелерін бір мезгілде басу керек. Алдыңғы панельдегі дисплейде ① қысқа уақытқа АУ көрінеді.

ST-BY режимі

- Осы режимнен ауысу/шығу үшін ДБП-гі түймесін ① басып ұстап тұрыңыз. Осы режимге көшкенде алдыңғы панельдегі дисплейде ① «- -» көрінеді.

MUTE режимі

- MUTE режиміне көшу үшін ДБП-гі түймені ⑤ басыңыз. MUTE режиміне шығу үшін ДБП-гі түймені ⑤ қайта басыңыз.

Ескерту. Бағдарламалық жасақтаманың үнемі жетілдіруі себебімен, АЖ басқарудың сипатталуы осы нұсқаулықта көрсетілгенінен айырмашылығы болуы мүмкін. Нұсқаулықтың соңғы нұсқасын www.sven.fi сайтынан қараңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

MS – 350BL

6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Жарамсыздық	Себебі	Жою жолы
АЖ қосыл-майды.	Желіге қосылмаған.	Дұрыс қосылуын тексеріңіз.
	Желілік ажыратқыш қосылмаған.	Ажыратқышты қосыңыз.
Дыбысы жоқ немесе АЖ-нің колонкалар-ында дыбысы тым жай.	Дыбыс реттегіші ең жай дыбыс күйінде тұр.	Дыбыс реттегішін ретке келтіріңіз.
	Дыбыс сигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін дұрыс қосыңыз.
Дыбыстың қате шығуы.	Кіру сигналдың амплитудасы зор.	Сигнал көздері мен АЖ-ндегі дыбыс реттегіштерімен кіру сигналдың көлемін азайтыңыз.
ДБ пульты жасамайды.	Батареясы отырып қалған.	Батареяны жаңасына ауыстырыңыз.

Жоғарыда аталған жолдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетімен жөндемеңіз.

7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Мәні
Шығу қуаты (RMS), Вт	18 (10 + 2 × 4)
Жиілік диапазоны, Гц: сабвуфердің / сателлитердің	40 – 250 / 250 – 20 000
Динамиктер диаметрі, мм: сабвуфердің сателлитердің	Ø 105 Ø 76
Bluetooth нұсқасы	2.1 + EDR
Bluetooth әрекетінің қашықтығы, м	8 дейін
Қуат көзінің кернеуі, В/Гц	~220/50
Өлшемдері, мм: сабвуфердің сателлитердің (бір колонканың)	165 × 233 × 215 84 × 179 × 90
Салмағы, кг	2,3

Ескертулер:

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар, анықтамалар наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамаар және жиынтықтылық алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

Мультимедиялық акустикалық жүйе 2.1 Bluetooth-бен

SVEN®
YOU WANT – WE CAN



Үлгі: **MS-350BL**

Импортерлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов
көшесінің бұрылысы, уй 13/195, 13Б кеңсе,
тел.: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.

«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан
Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,
№ 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,
Финляндия, Котка, Котolahdentие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

© Registered Trademark of Oy SVEN
Scandinavia Ltd. Finland.

MS-350BL